

ҚР ДСМ «Трансфузиология
ғылыми-өндірістік орталығы»
ШЖҚ РМК Байқау кенесінің 2025
жылғы «25» тамыздағы
шешімімен бекітілді
№ 16 хаттама

**ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК
комплаенс-офицерінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмыс
қорытындысы бойынша
ЕСЕБІ**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Орталық) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізілді.

Осылайша, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыттың шеңберінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді, Орталық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау бойынша оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды.

Осы кезеңде Орталық қызметкерлерімен әдеп және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды, оның ішінде сыйлық алу, қосымша ақылы жұмыс істеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға итермелеу әрекеттері туралы хабарлау міндетін сақтау бойынша ұйымдастырушылық-түсіндіру жұмыстары кешені жүргізілді.

Орталықтың ресми сайтындағы «Комплаенс қызметі» бөлімінде барлық ақпарат пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттар, іс-шаралар жоспарлары, комплаенс-офицер қызметі туралы хабарламалар мен есептер орналастырылған және бұл бөлім тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Орталықтың негізгі ғимаратының 1 және 2-қабаттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды насихаттайтын плакаттар, сенім телефоны туралы ақпарат, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және ішкі нормативтік актілер көрсетілген ақпараттық стендтер орнатылған.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті насихаттау мақсатында Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы теріс көзқарасты қалыптастыруға және қызметкерлердің жемқорлыққа деген төзбеушілігін тәрбиелеуге бағытталған кешенді шаралар қабылданды. Осы бағытта комплаенс-офицер үнемі орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша сабақтар өткізеді (хаттамалары қоса беріліп отыр).

Атап айтқанда, 2025 жылдың басынан 5 оқу семинары мен дәріс өткізілді, онда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын дамыту,

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, Орталық қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы бастамашылық хабарлау арналары, Орталық қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нұсқаулығы мәселелері қарастырылды.

Комплаенс-офицердің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының 10-тармағын орындау үшін және Басқарма төрағасының 2025 жылғы 21 ақпандағы №94 н/қ бұйрығының негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

Өткізілген СЖТІТ барысында Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ; сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормалар, қақтығыстар, дискрециялық өкілеттіктер немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін ережелер табылған жоқ.

Орталық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын талдаудың нәтижелері бойынша Маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінің заңгері (бұдан әрі – ММСАБ) ММСАБ басшысына және Орталықтың бас экономистіне тікелей бағыныштылығы белгіленді. Бұл, комплаенс қызметкерінің пікірінше, заңгердің тәуелсіздігі қағидатының бұзылуына байланысты мемлекеттік сатып алу процесін құқықтық бағалау кезінде белгілі бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен жүргізілген консультациялардың нәтижесінде заңгердің дербес заң қызметі болып табылмайтын функционалдық бөлімшеге ұйымдық-штаттық қатыстылығы заңды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес деп танылды. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) мәліметінше, бұл жағдайда мүдделер қақтығысы немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

СЖТІТ нәтижелері бойынша Орталықтың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымды тұлғаларының тізімі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Келіп түскен материалдардың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты каторграмма әзірленді.

Орталықта бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер анықталған жоқ.

Жұмысқа орналасуға өтініш берген кезде кандидат жасаған құқық бұзушылықтың жоқтығы (болмауы) туралы уәкілетті орган берген анықтаманы ұсынады.

Үлгілік еңбек шартында қызметкердің бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны анықталса, жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы екендігі туралы ереже бар.

Белсенді хабарландыру желісін іске асыру және белсенді хабарландыруға арналған байланыс құралдарын оңтайландыруды қамтамасыз

ету мақсатында Орталықтың веб-сайтында комплаенс-офицерінің сенім телефоны (WhatsApp мессенджері) орналастырылған, ол арқылы азаматтар Орталық қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы тәулік бойы (қажет болған жағдайда жасырын түрде) хабардар ете алады.

Орталықта құпия ақпарат арналары, соның ішінде сенім телефоны әзірленді және жұмыс істейді, олар арқылы қызметкерлер мен үшінші тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзылуы туралы өз алаңдаушылықтарын білдіре алады. Сенім телефонының байланыстары Орталықтың корпоративтік веб-сайтында және ақпараттық стендтерде орналастырылған.

Хабарламаларды ұсыну және қарау тәртібі және хабарлама тетігіне қатысты басқа да ережелер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы фактілер мен ықтимал бұзушылықтар туралы Орталық қызметкерлерін хабардар ету тәртібінде белгіленген.

Бұл ретте Орталық өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, оның ішінде басқарма төрағасының тиісті бұйрығының нысанасы болып табылатын қызметкердің жұмыс орнының сақталуына кепілдік береді.

Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін қабылдауға арналған жәшіктер орнатылды. Басқарма төрағасының бұйрығымен хат-хабарларды алу және ашу жөніндегі комиссияның құрамына комплаенс-офицері енгізілді.

Сонымен қатар, комплаенс-офицері Instagram, 2GIS және Facebook қосымшаларында Орталыққа түскен хабарламаларды бақылайды. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң бұзушылықтар және Орталық қызметінің бағыттары бойынша рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен ережелерін бұза отырып қабылданған шешімдер бойынша қарастырылып отырған кезеңде өтініштер түскен жоқ.

Kompra.kz және Adata.kz сервистерін пайдалана отырып, 2024 жылы мемлекеттік сатып алу конкурстарын жеңіп алған контрагенттер сенімділігіне кешенді тексеру жүргізілді. Сондай-ақ Орталық лауазымды тұлғаларының, оның ішінде маркетинг және мемлекеттік сатып алу департаменті қызметкерлерінің сенімділігіне сәйкестік тексерілді.

Жүргізілген тексерістердің нәтижесінде мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықты бұзу немесе басқа да мүшелік фактілері анықталған жоқ.

Жоғарыда аталған барлық құжаттар, соның ішінде СЖТІТ материалдары Орталықтың srpt.kz сайтында «Комплаенс-қызметі» бөлімінде орналастырылған.

Комплаенс-офицер



Н.А.Рақымжанов

Басқарма төрағасы



С.А.Абдрахманова

2025 жылғы «02» шілде